

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің «Ақжол»
Қазақстан Демократиялық партиясы
фракциясының депутаттарына

2021 жылғы 17 маусымдағы № ДС-217

Құрметті депутаттар!

Ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі – ҰБТ) жаңа форматына қатысты Сіздің депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

2021 жылдың наурыз айынан бастап ҰБТ толығымен электронды форматта өткізіледі. ҰБТ-ны өткізу мерзімдері ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ-ны өткізу қағидаларында (бұдан әрі-ҰБТ қағидалары) айқындалған. ҰБТ жаңа форматының артықшылығы тестіленушілерге тестілеу күнін, уақытын (*анықтама: электронды форматта 1-31 наурызға дейін, 1 сәуірден 30 маусымға аралығында, 10 тамыз бен 20 тамыз аралығында*) және өткізу орнын таңдау, жауаптарды түзету, тестілеуді төрт рет өту мүмкіндігін беру, калькулятор интерфейсі мен Менделеев кестесін қолдану және т. б. болып табылады.

Мектеп түлектеріне алғаш рет білім беру грантын тағайындау бойынша конкурсына қатысу үшін ҰБТ-ны екі рет тапсыруға мүмкіндік берілгенін атап өту қажет. Бүгінгі күні тестіленушілердің саны, екі мүмкіндікті қоса есептегенде, 285 мың адамды құрады.

Ағымдағы жылғы наурыз айында ҰБТ ақылы негізде білім алуға ниет білдірген түлектер үшін электронды форматта сәтті өткізілді. Мамыр-маусым айларында электронды форматтағы ҰБТ білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өткізілді.

Бұл жастар үшін жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып, талапкерлер үшін стресстік жағдай мен психологиялық қысымды айтарлықтай азайтты.

ҰБТ деректерін талдау қашықтықтан оқыту жалпы тестілеу нәтижелеріне әсер етпегенін көрсетті. Тест тапсырмалары тек 11 сынып бағдарламаларын ғана емес, сонымен қатар барлық сынып бағдарламаларын да қамтиды. Бұр ретте, ағымдағы жылы ҰБТ орташа балы өткен жылмен салыстырғанда 64-тен 69 балға дейін өсті.

ҰБТ объективтілігі компьютерлік көру технологиялары негізінде прокторингтің арнайы компьютерлік бағдарламасымен қамтамасыз етілді, ол

тыйым салынған заттарды (смартфондар мен шпаргалкаларды) пайдалану фактілерін автоматты режимде анықтайды. ҰБТ-да жалған тұлғаларды анықтауға жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер базасымен Face ID арқылы цифрлық сәйкестендіру мүмкіндік берді. Тестілеу процесін қосымша бақылауды тікелей Ұлттық тестілеу орталығында орналасқан ахуалдық орталық жүзеге асырады. ҰБТ тапсыру процесінің онлайн көрсетілімі өткізілді.

Екінші талпынысқа жібермеу тестіленушілердің ҰБТ ережелерінде көрсетілген академиялық адалдық қағидаларын бұзу себебінен жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, ҰБТ қағидаларына сәйкес талапкерлер ҰБТ нәтижесінсіз (шекті балл алмаған, ҰБТ нәтижесі жойылған) күндізгі бөлімге ақылы негізде қабылдануға мүмкіндігі бар.

Аталған тұлғалар академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 34 тармағына сәйкес жыл бойы ҰБТ-ны тапсырады.

Жалпы, Сіз көтерген мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам фракции
Демократической партии
Казахстана «Ак жол»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

на № ДС-217 от 17 июня 2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно нового формата Единого национального тестирования (*далее – ЕНТ*), сообщаем следующее.

С марта 2021 года ЕНТ полностью проводится в электронном формате. Порядок проведения ЕНТ определены в Правилах проведения ЕНТ, утвержденных приказом МОН РК от 2 мая 2017 года № 204 (*далее – Правила ЕНТ*). Преимуществом нового формата ЕНТ является возможность выбора даты, времени (*справочно: в электронном формате с 1-31 марта, с 1 апреля по 30 июня, с 10 по 20 августа*) и пункта тестирования, исправления ответов, прохождения повторного тестирования до четырех раз, использования в интерфейсе калькулятора и таблицы Менделеева и др.

Необходимо отметить, что выпускникам школ впервые предоставлена возможность сдать ЕНТ два раза для участия в конкурсе по присуждению образовательного гранта, при чем с выбором лучшего результата. На сегодняшний день с учетом двух попыток количество тестируемых составило 285 тыс. человек.

В марте текущего года ЕНТ в электронном формате успешно проведено для желающих обучаться в вузе на платной основе. С мая по июнь текущего года ЕНТ в электронном формате проводится для участия в конкурсе по присуждению образовательного гранта.

Это повысило доступность высшего образования для молодежи и значительно снизило стрессовые ситуации, психологическое давление на абитуриентов.

Анализ данных ЕНТ показал, что дистанционное обучение в целом не привело к снижению результатов тестирования. Тестовые задания охватывают не только программы 11 класса, но и программы всех классов. При этом, в текущем году средний балл ЕНТ по сравнению с прошлым годом увеличился с 64 до 69 баллов.

Объективность ЕНТ обеспечена специальной компьютерной программой прокторинга на основе технологий компьютерного зрения, которая в автоматическом режиме выявляет факты использования запрещенных предметов (*смартфонов и шпаргалок*). Исключить подставных лиц на ЕНТ позволяет цифровая идентификация личности (*Face ID*) с государственной базой данных физических лиц. Дополнительное наблюдение за процессом тестирования осуществляется ситуационным центром, расположенным непосредственно в Национальном центре тестирования. Проводилась онлайн трансляция процесса сдачи ЕНТ.

Недопуск на вторую попытку осуществлялся по причине нарушения тестируемыми принципов академической честности, прописанных в Правилах ЕНТ.

Вместе с тем сообщаем, что согласно Правилам ЕНТ абитуриенты имеют возможность зачислиться в вуз по очной форме обучения на платной основе без результатов ЕНТ (*не набравшие пороговый балл, с аннулированными результатами ЕНТ*).

Данные лица по завершении академического периода обучения повторно в течение года сдают ЕНТ в установленные Правилами ЕНТ сроки согласно пункту 34 Типовых правил приема на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы высшего и послевузовского образования, утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 600.

В целом, поднимаемые Вами вопросы находятся на постоянном контроле Правительства.

Е. Тугжанов